

ӘСКЕР ӘНІ

Сөзі: Ж.Аумауытов

Әні: Е.Хасанғалиев

Ар - ғ(ы)а-там ер тү - рік біз қа-зақ е - лі - міз,
9 са - мал тау, шал-қар көл Сар(ы)-ар - қа же - рі - міз. Сай сай-лап
18 мал ай - дап сай - ран-дап иен жай - лап, ерк(е)-өскен ар - қа -
27 ның ер - ке - сі се - рі - міз. се - рі - міз. Кода

Арғы атам ер түрік
Біз қазақ еліміз,
Самал тау, шалқар көл
Сарыарқа жеріміз.
Сай сайлап мал айдап
Сайрандап иен жайлап,
Ерке өскен арқаның
Еркесі серіміз.

Бұғаудан босаған
Біз долы арыстан
Долданса болмайтын,
Жаңа дәу періміз!
Ат мінсек суылдап,
Жел болып шабамыз.
"Лап!" десек ерленіп
Дуылдап жанамыз.

Алаштың ақ туын
Қолға алып, ақырып,
Ұрандап шапқанда,
Жауға ойран саламыз!

Ер түрік ежелден
Оқ тескен етеміз!
Қаймығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз.
Жаусын оқ, ақсын қан,
Шықсын жан, қорқу жоқ.
Алаштың жолында
Жан қимақ ниетіміз.
Біздерге сөз бе екен,
Жауыңның көп, азы?
Өлсек хақ шаһитпіз
Өлтірсек біз ғазы.